



Инфляциялық күтулер

Маусым 2023


- Күтілетін инфляцияның орташа бағасы біршама өсті
- Тұтынушылардың көңіл-күйі сәл төмендеп, оң аймақта қалды

Инфляциялық күтулер

Бағалардың жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы маусымда 17% дейін төмендеді (2023 жылғы мамырда – 25%).

Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы¹ 17,2% (17%) дейін жоғарлады, қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы 18,8% дейін төмендеді (1-график).


1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


Бір жылдың алдағы уақытта бағаның өсуін күткен респонденттер мұны негізінен жанар-жағармай мен азық-түлік бағасының өзгеруімен, аз дәрежеде – сыртқы оқиғалармен, жалақы мен зейнетақының өсуімен және басқа факторлармен байланыстырады (2-график).

2-график. Болашақта бағаның өсу факторлары
(бір жыл бұрын бағаның өсуін күткен респонденттердің %-ы)



2023 жылғы маусымда азық-түлік бағасының өсуін (үлесі – 74%) атап өткен респонденттердің үлесі төмендеуді жалғастырды, бұл ретте азық-түлік емес тауарларға (11%) және ақылы қызметтерге (7,7%) бағаның өсуін атап өткендердің үлесі біршама өсті. Респонденттер азық-түлік (сүт, ет, жеміс-көкөніс өнімдері), ТКШ қызметтері, тұрмыстық химия, ЖЖМ (3-график) бағасының тез өскенін байқады.

3-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab


Тұтынушылардың көңіл-күйі

Тұтынушылардың көңіл-күйі сәл нашарлап, оң аймақта қалды. Тұтынушылардың көңіл-күй индексі 2023 жылғы маусымда 103,2-ге дейін төмендеді (2023 жылғы мамырда – 104,8). Төмендеу негізінен күтулерді бағалауда байқалды.


Атап айтқанда, елдің даму перспективалары бойынша бағалаулар таяу жылы (10,3 тармаққа) және 5 жылдан кейін (6,4 тармаққа), сондай-ақ бір жылдан кейін жеке материалдық жағдайды бағалау (3,7 тармаққа) айтарлықтай төмендеді.

Ағымдағы жағдайды бағалауда өткен жылдағы жеке материалдық жағдайды бағалау (3,6 тармаққа) және ірі сатып алуға дайындық (5,2 тармаққа) артты.


4-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



6-график. Күтулер бағалаулары



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?»

2 Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді